

**Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің " Экономикалық зерттеулер институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 26 қаңтардағы N 61 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің " Экономикалық зерттеулер институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын "Экономикалық зерттеулер институты" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - қоғам) болып қайта құрылу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қоғам қызметінің негізгі мәні мынадай салаларда зерттеулерді жүзеге асыру болып белгіленсін:

1) экономика;

2) (құпия);

3) мемлекеттік басқару және жергілікті өзін-өзі басқару.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.05.19 N 544 Қаулысымен, өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.04.27 № 535 Қаулысымен.**

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) қоғам жарғысын бекітуді;

2) қоғамның Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

3) қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін иелену мен пайдалану құқықтарын Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне беруді;

4) осы қаулыны іске асыру жөніндегі өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

4. Қоса беріліп отырған Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің

2007 жылғы 26 қаңтардағы

бекітілген

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

2. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Алматы қаласы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 123-110-жолмен толықтырылсын:

"123-110. "Экономикалық зерттеулер институты" АҚ".

3. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысында:

көрсетілген қаулыға қосымшада "Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 268-4-жолмен толықтырылсын:

"268-4. "Экономикалық зерттеулер институты" АҚ".

4. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.09.2014 № 1011 қаулысымен.